

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ ИНЖЕНЕРНО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
INTERNATIONAL ENGINEERING TECHNOLOGICAL UNIVERSITY



**ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ:
ӘЛЕМДІК ТӘЖІРІБЕ МЕН ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕР КОНТЕКСТІНДЕ САҚТАУ
ЖӘНЕ ДАМУ**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
ЖИНАҒЫ**

29 қараша 2023 ж.
Алматы қ., Қазақстан



**КУЛЬТУРНЫЕ ЦЕННОСТИ НАРОДА КАЗАХСТАНА:
СОХРАНЕНИЕ И РАЗВИТИЕ В КОНТЕКСТЕ МИРОВОЙ ПРАКТИКИ И
СОВРЕМЕННЫХ ТЕНДЕНЦИЙ**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ**

29 ноября 2023 г.
г. Алматы, Казахстан



**CULTURAL VALUES OF PEOPLE IN KAZAKHSTAN:
PRESERVATION AND DEVELOPMENT IN THE CONTEXT OF WORLD PRACTICE
AND MODERN TRENDS**

**MATERIALS
OF INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE**

29 November, 2023
Almaty, Kazakhstan

слово...» – это путь понимания человеческой сущности и духа человечества через Слово. Каждое слово – священо. Пословицы и поговорки – духовная, энергетическая сверхсила этноса, которая есть начало начал... Выпадение даже одной пословицы, поговорки или крылатого выражения может привести к изменению информационного пространства казахского этноса.

Если рассматривать казахский этнос с духовно-ментальной точки зрения, то пословицы, поговорки, крылатые выражения – есть объективная духовная реальность. С их помощью казах говорит, слышит, видит, ощущает, чувствует этот мир, живя в нем и утверждая его через силу Слова. И только сохранение народных крылатых выражений, поговорок и пословиц приведет к возрождению духовной сущности казахского этноса, к его расцвету и процветанию. Информационное пространство пословиц и поговорок, будучи мощным энергетическим полем, воздействуя на сознание человека, способно изменить мир в сторону добра и взаимопонимания.

Пословицы, поговорки и крылатые выражения как семя духовного плодородия в информационном пространстве являются матрицей казахского этноса и определяют его код – путь духовного утверждения казахского этноса, изменения его сознания. Предки казахов еще с сакских времен выразили на чаше иссыкского Золотого Человека ценности письменности, которые подтверждают духовную связь поколений. Ныне именно информационное пространство способно донести до будущих поколений духовные ценности пословиц, поговорок и крылатых выражений казахского народа, создавая духовное единство поколений, сохраняя национальный код этноса.

Каждая из пословиц и поговорок, зарождаясь в отдельности, выражает собой определенную особенность человеческого бытия. Человек в своей речи использует красноречивые пословицы и поговорки, которые представляют собой некие суждения в форме умозаключения, т.е. практически каждая пословица или поговорка является умозаключением интересной и сложной судьбы человека. Паремия как ценность имеет универсальный характер, но при этом не имеет физических границ, появляется там, где востребована жизненной ситуацией. Пословицы и поговорки практически не имеют своего предела существования во времени и в пространстве, они будут жить, пока живет человек на Земле, поэтому в определенные исторические моменты, когда мир меняется, необходимо их сохранить и донести до следующих поколений. Сегодня это возможно благодаря техническому прогрессу, современным информационно-коммуникационным технологиям.

Список литературы

1. Котошева К. Ментальная-духовная идентичность казахов. // «Қазақ тарихы». – №3 (160). – Март, 2018. – С.31.
2. Бабалар сөзі. Тарихи жырлар. Қазақ мақал мәтелдері. Жүзтомдық – Астана. – «Фолиант». – 2010. – Т.65: Қазақ мақал мәтелдері. – 488 б.
3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы – Алматы: «Жазушы». – 1985. – 17-том. – 187 б.
4. Әдібай Табылды. Қасиетті сөз. Алматы: «ИИЦ Азия Арна». – 2016. – II том. – 323 б.
5. Аязбеков Ж. Ел сөзі. Қостанай. – 2020.
6. Мақал, мәтел, нақыл. – Алматы: «Асем-Систем». – 2007. – 255 б.
7. Мақал – сөздің майегі. Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. – 1963. – 226 б.
8. Мақал – мәтелдер (Қазақ халық әдебиеті: көп томдық). – Алматы: «Ғылым». – 1996. – 464 б.
9. Мақал – мәтелдер – Алматы: «Рауан». – 1997. – 147 б.
10. Мақал, мәтел, нақыл. – Алматы: «Асем-Систем». – 2007. – 256 б.

УДК 81-116

ТІЛ САЯСАТЫНЫҢ ПӘНАРАЛЫҚ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ: ТЕОРИЯЛАР МЕН ЗЕРТТЕУЛЕР

Құрманалиева А.,

философия ғылымдарының докторы, профессор

Қоғабаяева Ә.,

докторант

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: kogabayevaassel@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада тіл саясаты саласындағы теориялар мен зерттеулерге шолу жасалып, пәнаралық көзқарастың маңыздылығы көрсетілген. Жаһандандудың әсері мен көптілді қоғам қажеттілігіне баса назар аударылып, тіл саясатын жан-жақты түсіну қажет. Мақаланың мақсаты – тіл саясатының тиімді стратегияларын әзірлеу үшін лингвистика, әлеуметтану, саясаттану және мәдениеттану ғылымдарының өзара әрекеттесу жолдарын анықтау. Жұмыста тілдік шешімдерді қарастыру кезінде тарихи контекст пен пәнаралық ойлардың маңыздылығы көрсетілген. Зерттеулердің синтезі қазіргі қоғамдағы тіл саясатына кешенді көзқарас қалыптастыруға бағытталған.

Кілт сөздер: тіл саясаты, тіл, мәдениет.

Аннотация. Данная статья обзорно рассматривает теории и исследования в области языковой политики, выделяя важность междисциплинарного подхода. В фокусе внимания - влияние глобализации и потребность в многоязычном обществе, что подчеркивает необходимость всестороннего понимания языковой политики. Цель статьи - определить пути взаимодействия лингвистики, социологии, политологии и культурологии для разработки эффективных стратегий языковой политики. Работа подчеркивает важность исторического контекста и междисциплинарных особенностей при рассмотрении языковых решений. Обобщение исследований направлено на создание комплексного подхода к языковой политике в современном обществе.

Ключевые слова: языковая политика, язык, культура.

Abstract. This article reviews theories and research in the field of language policy and highlights the importance of an interdisciplinary approach. A comprehensive understanding of language policy is needed, emphasizing the impact of globalization and the need for a multilingual society. The purpose of the article is to determine ways of interaction of linguistics, sociology, political science and cultural studies to develop effective language policy strategies. The work shows the importance of historical context and interdisciplinary considerations when considering language decisions. The synthesis of research is aimed at forming a comprehensive approach to language policy in modern society.

Keywords: language policy, language, culture.

Қазіргі жаһандық қоғамда мәдени-әлеуметтік және саяси қатынастар күрделеніп, адамдар арасында көзқарастар қарама-қайшылығы үдеген тұста тіл саясаты феноменін түсінудің мәні зор. Тіл саясаты тілді қолдану мен басқаруға қатысты шешімдерді және тәжірибелерді қамтитын сала ретінде әртүрлі пәндердің зерттеушілерінің назарына алынған.

Бұл қызығушылық кездейсоқ емес, өйткені тілге қатысты шешімдердің әсері әлеуметтік өмірдің көптеген аспектілеріне әсер етеді.

Тіл саясатын жоспарлау мен жүзеге асыру бағытындағы зерттеулер қаншалықты өзекті? Біріншіден, жаһанданудың әсері мен көптілді қоғам сұранысына байланысты тіл саясатын жан-жақты түсіну қажеттілігі артып отыр. Екіншіден, саяси мүддемен қатар осы мәселенің әлеуметтік-мәдени мәнмәтінін түсіну анағұрлым тиімді тілдік стратегияларды жасауға ықпал етеді. Бұл тақырып қазіргі әлемдегі тіл тәжірибесінің алуан түрлілігін және тіл мұрасын сақтауға бағытталған зерттеулердің өзектілігін білдіреді.

Тіл саясатының тиімді стратегияларын әзірлеуде қолдануға болатын практикалық шешімдердің ізденісі нәтижесінде туған бұл мақаланың мақсаты – құбылыстың неғұрлым толық бейнесін жасау үшін әртүрлі пәндердің өзара әрекеттесе алатынын көрсету.

Осы мақаланың аясында:

- тіл саясаты саласындағы қолданыстағы теориялар мен зерттеулерге шолу жасау;
- лингвистика, әлеуметтану, саясаттану және мәдениеттану сияқты әртүрлі пәндердің өзара әрекеттесу жолын анықтау мақсат етілді.

Тіл саясаты мәнмәтініндегі пәнаралық байланыс дегенде ол лингвистикалық аспектілерді саяси және мәдени тұрғыдан тереңірек түсіну және талдау үшін лингвистика, саясаттану, мәдениеттану және басқа да әртүрлі ғылыми салалардағы әдістерді, теориялар мен тәсілдерді біріктіру дегенді білдіреді. Ал бұл дегеніміз тіл саясатын кеңірек әлеуметтік-мәдени және саяси мәнмәтінде қарастыруға, әлеуметтік процестерге тілге қатысты шешімдердің ықпалын анықтауға мүмкіндік береді.

Тіл саясатының тарихы ертеден бастау алған, оның алғашқы көрінісінін анықтау қиын. Бірақ ежелгі римдіктерде империядағы бірлікке ықпал ету үшін тіл саясатына ұқсас практика болған. Одан кейін ортағасырлық және қайта өрлеу дәуіріндегі Еуропада қолданылған тілдердің өзгерісін байқауға болады. Сол кездердегі француз тілін қолдайтын негізгі құжаттардың бірі Бірінші Франсуаның тілге қатысты 1539 жылғы Жарлығы болды. Бұл декрет негізінде француз тілі Франциядағы заңды құжаттар мен әкімшілік іс-қағаздардың ресми тілі ретінде бекітіліп, оның қоғамдық және мемлекеттік салаларда күшеюіне ықпал етті. Жаңа заманда ұлттық мемлекеттердің қалыптасуына байланысты көптеген елдер ұлттық бірегейлікті нығайту үшін тіл саясатын белсенді түрде қолдана бастады. Атап айтар болсақ, англизация, германизация, орыстандыру сынды саясат аясында тілмен бірге мәдениет, дәстүрлер мен дүниетанымға әсер ететін өзгерістер болды. Тіл саясаты біртұтас тілдік қауымдастықты қалыптастыру құралына айналды. Түрлі кезеңдерде аймақтық саясат әсерінен лингвистикалық статусты сақтауға немесе өзгертуге бағытталған тіл саясаты жасалды. Қазіргі түсініктегі тіл саясаты, тілді жоспарлау Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жеке пән ретінде университеттердің оқу бағдарламасына енгізілді, ал бұл бағыттағы академиялық ізденістер шамамен алпысыншы жылдардан бастау алады. Ғылыми айналымда «тілді жоспарлау», «тіл саясаты» ұғымдары қатар қолданылады. Бұл бағытты Джошуа Фишман мен Офелия Гарсия социоллингвистиканың бір тармағы десе, Бернанд Спольски, Роберт Б. Каплан мен Джозеф Ло Бьянко қолданбалы лингвистикаға жатқызды [Купер: 1989]. Тілдердің жойылуы, тілдің жаңғыруы, вариация және тілдік байланыс, тілдің ауысуы және тілдік қатынас және т.б. мәселелерді Купер, Каплан, Балдауф, Фиерман, Филлипсон және Фишман сияқты көптеген ғалымдар терең талқылады [Каплан, Балдауф: 1997]. «Тіл саясаты және зерттеуді жоспарлау – дамып келе жатқан пән. Үздіксіз динамикалық өзгерістер жүретін басқа да жүйелер сияқты тіл саясаты да жаңа құбылыстар мен жаңа мәселелерді ашу үшін ғана емес, жаңа білімге негізделген бұрынғы тәжірибелер мен бар теорияларды қайта бағалауға бейімделуі керек. Тіл саясатының теоретиктері мен практиктері ағымдағы бақыланатын фактілерді түсіндіріп қана қоймай, сонымен қатар қақтығыстарды шешуге, қарым-қатынасты

жақсартуға ниет білдіргендерге қажетті нұсқауларды беруі керек. Осыған байланысты олар тым қарапайым модельдер мен шешімдерден аулақ болу керек. Ғалымдар, әдетте, тікелей нақты ұсыныстарды ұсынбайды, керісінше тіл саясатын түсіну, әлеуметтік-лингвистикалық экологияны сипаттау, көптеген қарама-қайшы көзқарастарды мойындау және тілді жоспарлау мен басқару әдістерін ұсынудың қиындықтарын ашып көрсетеді», – деген екен Бернанд Спольски [Спольски: 2012], яғни, бұндағы айтпағы тіл мәселесі адамзат баласының бүкіл болмысымен біте қайнасқан құбылыс болғандықтан, оны танып білу барлық ілімнің тұрғысынан жүзеге асуы керек деген мақаланың негізгі ойына тұспа тұс келіп отыр.

Философиядағы тілге қатысты алғашқы еңбектердің бірі неміс ойшылы Иоганн Гердердің «Тілдің шығуы жөнінде» атты трактатында адам сөйлеуінің «құдайлық» шығу тегі туралы теологиялық теория, тілдің «қоғамдық шарт» арқылы шығу теориясы және тілді жануарлардың айқайынан алатын механикалық материализм ретінде қарастырған [Гердер: 1770]. Гердер тілді адам санасының ажырамас қасиеті ретінде қарастырады, бірақ сонымен бірге оған тарихшы көзқарасы тұрғысынан да қарайды. Гердер тілдің пайда болуын «адамның ақыл-ой қабілеттерінің жемісі ретіндегі ойлаудың дамуы» деп түсіндіруді өзінің міндеті деп санайды. Оның еңбектері кейін Вильгельм фон Гумбольдттың тіл табиғатына қатысты пікірлеріне әсер етті. Ол «тіл әрекеттің өнімі, жаратылған нәрсе емес, рухтың әрекетінің өзі (энергетикасы), яғни үнемі жалғасып келе жатқан мағына тудыратын процесс, «ойды қалыптастыратын мүше», «ойдың өнімі», ұлттың санасы тіл арқылы көрінеді, тіл құрылымының өзі (оның «ішкі формасы») сол халықтың дүниеге белгілі бір көзқарасын («дүниетанымын») қамтиды», – деген [Үлкен ресейлік энциклопедия: 2004-2017]. Одан өзге философтар Мартин Хайдеггер «Тіл – болмыстың үйі («Haus des Seins ist die Sprache»)» деген ойы арқылы шындықтың тілде бейнеленетінін, болмыс тілде өмір сүретінін және оның көшірмесі болып табылатынын айтпақшы болған екен. Сонымен бірге Хайдеггер «тілдің болмысы – болмыстың тілі» деп тұжырымдағанда сол арқылы тіл мен болмысты сәйкестендірді. Сөйлейтін тіршілік иесі бізбен тіл арқылы сөйлеседі [Фефилов: 2014]. Демек, біз болмыстың тілінде сөйлейміз немесе болмыс бізбен өзіміздің тілде сөйлеседі демек. Яғни, бір тілде сөйлейтін, ұғыныса алатын, түсінісе алатын адамдардың тілі бір болады деген ойға саяды.

Қазақ дүниетанымындағы түсінікті оның жалпақ тіліндегі «олардың тілі бір», яғни «олардың арасына түсе алмайсың», «арасын бөле алмайсың», «ынтымағы берік» деген мағынада, не болмаса «тіл табысып алды», яғни қарым- қатынасын қалпына келтірген, араздасып қайта табысқандарды «тіл табысты, яғни «татуласты» деп жатады. Бұл жерде тілдің ортақтығы – татулықтың, ынтымақтың белгісі екенін қазақ халқы бейсаналы түрде түсінгенін көреміз. Сонымен қатар, «тілімді алды», яғни ымыраға келдік, не болмаса «тілімді алмады», яғни қарым- қатынас бұзылды деген тіркестердің мағынасы тілдің қарым-қатынас құрудың басты құралы екенін көрсетеді. Адамдар арасындағы қарым-қатынастың жақсы болуы тұрақты даму мен елдің өркендеуіне тікелей әсер етеді.

Халықтың бірлігі, ұлттың ұйысуы мәселелері қоғамдық ілімдердің ішінде әсіресе, саясаттанушыларда кеңінен қарастырылған. Мемлекеттің бірден бір мақсаты – ұлттың қалыптасуындағы тілдің рөлін негізінен қарым қатынас құралы деп емес, басқару құралы деп қарастырды. «Тілдің өзіне қатысты саясат жүргізілгенде, яғни тіл саясаты жүзеге асырылғанда тіл саясаттың объектісі ретінде әрекет етеді. Тіл саясаты «идеологиялық принциптердің жиынтығы, қоғамдағы және мемлекеттегі тіл мәселелерін шешудің ұстанымдары мен практикалық шаралары» [Дешериев: 1990]. «Тіл – армиясы мен флоты бар диалект» деген жиі кездесетін афоризмде тіл мәдени, тілдік ерекшелігіне қарағанда «саясылығы» басымырақ құбылыс дегенді меңзейді. Бұл сөз тіркесі көбінесе американдық идиш лингвист Макс Вайнрейхке тиесілі деп жатады, ол оны 1945 жылы Нью-Йоркте

Еврей Ғылым Институтының (YIVO) 19-шы жыл сайынғы конференциясының ашылуында сөйлеген сөзінде жариялаған екен [<http://cyclowiki.org>]. Демек, тіл ұлтты қалыптастыру, халық арасындағы түсіністік орнату, халықты басқару сияқты басқа да мемлекеттік мүдделерді іске асыруда ерекше орынға ие және осы себепті де саясаттанушылардың зерттеу объектісі болатынын түсіндік.

Тіл саясатына қатысты зерттеулерді қарастырғанда пәнаралық ерекшеліктермен қатар тарихи контекст тұрғысынан, яғни ол елдің өткен тарихи жолын ескеру қажет. Осы тілді жоспарлау, тіл саясаты бағытының өзгерістеріне қарап отырсақ, екінші дүниежүзілік соғыс біткеннен кейінгі жылдарда біршама бұрын отар болған елдер азаттық алып, өзінің жеке ұлттық бірегейлігін қалыптастыру тұрғысында іздене бастағанын көреміз.

Цуй А.Б.М., Джейн Толлефсон Дж.В. «Азия контекстіндегі тіл саясаты, мәдениет және сәйкестілік» атты жұмысында тілдің әлеуметтік, саяси және экономикалық күштермен байланысын талдауға маңызды үлес қоса отырып, Азия елдеріне назар аудара отырып, тіл, мәдениет және бірегейлік бойынша ғылыми зерттеулерді біріктіреді [Цуй, Толлефсон: 2007]. Мұнда Непал, Бангладеш, Бруней-Даруссалам, Пәкістан, Камбоджа, Вьетнам және Корея сияқты әдебиетте сирек қарастырылатын елдер туралы жазады. Бұл еңбек әртүрлі әлеуметтік-саяси контексттерде, әсіресе Азиядағы дамушы елдерде ағылшын тілінің мәдени құндылықтар мен сәйкестікке тигізген әсеріне назар аударады.

Осы және бұдан өзге де отаршылдықтан кейінгі зерттеулер өз елдерінде орын алған лингва франка тілдер, көп жағдайда ағылшын тілінің экспансиясына төтеп беру жолдарын іздеді. Дамыған мемлекеттер тілдік гегемония қалыптастыру, босқындар мен мигранттардың толассыз ағымы нәтижесінде қалыптасқан қауіпті тілдік жағдайды реттеу әдістерін іздеумен болғанда, отар болған елдер ұлттық тілді, мәдени сәйкестікті қайта қалпына келтірудің жолдарын іздеп еңбектенді. Бұл мақала аясында осы бағыттағы зерттеулердің толық қамтылмауы мүмкін десек те, негізгі ой – осы мәселеге жан-жақты қарау идеясы қанағаттандырылды деп санаймыз. Жоғарыда келтірілген Б. Спольски айтпақшы, мақсатымыз жаңалық ашу емес, бар теорияларды зерделеу арқылы жаңаша көзқарас түю, ой түрткі болу және еліміздегі тіл саясатының теориялық бастауларына жүгіну еді.

Әдебиеттер тізімі

1. Купер Р. Языковое планирование и социальные изменения. Нью-Йорк: Издательство Кембриджского университета, 1989.
2. Каплан Р., Балдауф, Р. Языковое планирование: От практики к теории. Клеведон, Великобритания: Вопросы многоязычия, 1997.
3. https://www.koob.ru/herder_j_g/treatise_origin_language
4. <https://old.bigenc.ru/philosophy/text/5816617>
5. <https://fb2.top/fenomen-yazyka-v-filosofii-i-lingvistike-uchebnoe-posobie-388518/read>
6. <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/book/10.1002/9780470694138>
7. Дешериев, Ю. Д. Языковая политика / Ю. Д. Дешериев // Лингвистический энциклопедический словарь / Под ред. В. Н. Ярцевой; Ин-т языкознания. 1990.
8. https://cyclowiki.org/wiki/%D0%AF%D0%B7%D1%8B%D0%BA_%E2%80%94%D1%8D%D1%82%D0%BE_%D0%B4%D0%B8%D0%B0%D0%BB%D0%B5%D0%BA%D1%82_%D1%83_%D0%BA%D0%BE%D1%82%D0%BE%D1%80%D0%BE%D0%B3%D0%BE_%D0%B5%D1%81%D1%82%D1%8C_%D0%B0%D1%80%D0%BC%D0%B8%D1%8F_%D0%B8_%D1%84%D0%BB%D0%BE%D1%82
9. <https://psycnet.apa.org/record/2006-21012-000>

УДК 001.18

ҚАЗІРГІ ДІНИ ДИСКУРСТАҒЫ ТЕОЛИНГВИСТИКА

Құрманалиева А.Д.,

*философия ғылымдарының докторы, профессор
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

Кушербаева А.Б.,

*1 курс докторанты
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

Алматы қ., Қазақстан

E-mail: aliya_k2023@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазіргі діни дискурстағы тіл мен дін ара қатынасы мен байланысы, діни тілдің рөлі мен өзектілігі, теолингвистика саласының өзектілігі қарастырылған. Дінтану ғылымындағы діни терминдердің қалыптасуы жайлы жазылған. Сонымен қатар теолингвистика ғылымының зерттеу пәні ретіндегі лингвистика мен діннің сабақтастығы, өзара байланысы жайлы талданған. Сонымен қатар теолингвистиканың зерттеу бағыттары мен дінтану саласында алатын орны жайлы талдау жүргізілген.

Кілт сөздер: теолингвистика, теонема, діни тіл, теологиялық код, лингвистика.

Abstract. Abstract. The article discusses the relationship and relationship between language and religion in the science of theolinguistics, modern religious discourse, the role and relevance of religious language. It is written about the influence of the currently studied “religious” terms on the formation of religious consciousness in society. At the same time, the object of study of theolinguistics as a science is analyzed at the level of research in the field of linguistics and religion. The relevance of the article is that theolinguistics as a science is currently a living, connecting system of language and religion. In addition, the directions of research and the analysis of the role of theolinguistics in the field of religious studies were analyzed.

Keywords: theolinguistics, theonema, religious language, theological code, linguistics.

Қазіргі уақытта теолингвистика саласы жаңадан қалыптасып келе жатқан зерттеу тақырыбына айналып отыр. Теолингвистиканы зерттеу барысында бұл терминнің пәнаралық байланыста екені, сонымен қатар тіл мен діннің ғана байланысы емес, философиялық терең мағынаға ие екендігі анықталады. Нақты айтар болсақ, тіл қарым-қатынас құралы, дін – тілдегі, қарым-қатынастағы мән мен мағына, интерпретация жүйесі. Теолингвистиканы діни дискурс ретінде зерттеудегі мақсатымыз тіл мен діннің байланысы; «діни тілдегі» түсініктемелердің қалыптасуын зерттеу болып табылады. Алдымен тіл мен дін деген не, олардың байланысын ашайық.

А.К. Мечковскаяның «Язык и религия» еңбегінде: «Тіл мен дін – тіршілік етуші белгі – семиотикалық жүйе, қарым-қатынас моделі. Тіл мен дін – адам санасының ең алғашқы модельдік жүйесі», - деп айтады [1]. Жалпы дін мен тілдің байланысы жайлы кітаптарда ақпараттар көп, бірақ дін иен тілдің теолингвистикалық жағынан қарастыру күрделі процесс болып келеді.

Адамдар мен топтар белгілі бір өлшемге, статусына белгісіне қарай бөлінеді. Ол адам бойында генетикалық тұрғыда берілген: туа біткен – жынысы, нәсілі, психологиялық түсінігі, мүмкіндіктері болады. Яғни адамның еркіне байланысты емес. Келесі ол әлеуметтік – азаматтық, білімі, кәсібі, әлеуметтік және мүліктік статусы, конфессиясына қарай бөлінеді.